


«КЕЛІСІЛДІ»



ШҚО кәсіптік білім беру орталығының ҚММ директорының м.а.

Л. Кездикбаева
2023 ж.

«БЕКІТЕМІН»



Сарсен Аманжолов атындағы ШҚУ
ҚТД басқарма төрағасы – ректоры,

М.Төлеген
2023 ж.

Шығыс Қазақстан облысы колледждерінің білім алушылары арасында
«Қазақстан тарихы» пәнінен облыстық олимпиаданың
ЕРЕЖЕСІ

Өскемен қаласы, 2023 ж.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы ереже Шығыс Қазақстан облысы колледждерінің білім алушылары арасында «Қазақстан тарихы» пәнінен өтетін облыстық олимпиаданың (*бұдан әрі – Олимпиада*) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырылуын, өткізу тәртібін, оның ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етілуін, қатысушы шарттары, сондай-ақ жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2 Олимпиада «С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ Жоғары колледжінде **2023 жылдың 7 желтоқсанында** өткізіледі (мекен-жайы: Өскемен қ., 30 Гвардиялық дивизия к., 34, №1 корпус).

Қатысушыларды тіркеу уақыты: сағ 8:30-дан 9:00-ге дейін.

Олимпиаданың басталу уақыты: 9 сағат 00 минут.

1.3 Олимпиада қатысушылары: негізгі орта білім негізінде (9 сынып базасы негізінде) мемлекеттік және орыс тілінде оқитын 1 курс білім алушылары.

1.4 Олимпиадаға қатысуға өтінім (1 қосымшаға сәйкес) **vk_vkgu@inbox.ru** электронды мекенжайына **2023 жылдың 30 қарашасына** дейін жіберілуі қажет.

II. ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері:

- білім алушылардың Қазақстан тарихын зерттеуге, гуманитарлық пәндерге деген қызығушылықтарын арттыру;
- дарынды білім алушыларды анықтау, олардың оқу іс-әрекетін қолдауға жағдай жасау;
- студенттердің ғылыми-зерттеу және білім беру қызметін ынталандыру және Қазақстан Республикасының интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға көмектесу.

III. ОЛИМПИАДАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

3.1 Олимпиада ұйымдастырушылары: «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, «С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ Жоғары колледжі.

3.2 Олимпиаданы өткізу және дайындық жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін оқытушылардан ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

- Олимпиаданың өткізілуі туралы ережені әзірлейді;
- Олимпиаданы дайындауға және өткізуге тікелей көшбасшылықты қамтамасыз етеді;
- Олимпиаданы дайындауға және өткізуге арналған барлық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- Олимпиада тапсырмаларының жиынтығын дайындайды және бекітеді, Олимпиаданың басталуына дейін тапсырмалардың құпиялылығына толық жауап береді;
- Олимпиада қатысушыларының жұмысын бағалау критерийлері мен шарттарын әзірлейді;
- Олимпиаданың материалдарын сақтауды қамтамасыз етеді.

3.3 Ұйымдастыру комитеті 2023 жылдың 30 қарашасына дейін Олимпиаданың өткізілу бағдарламасын әзірлейді.

3.4 Ұйымдастыру комитететінің мекен-жайы: ШҚО Өскемен қ, 30 Гвардиялық дивизия көшесі 36.

IV. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Олимпиадаға Шығыс Қазақстан облысы колледждерінің білім алушылары қатыса алады.

4.2 Әрбір қатысушының жетекшісі 30 қарашаға дейін колледж директорымен расталған Олимпиадаға қатысу өтінімін vk_vkgu@inbox.ru электрондық поштасына жіберуі керек.

4.3 Олимпиада тапсырмасы барлық қатысушылар үшін бірдей қазақ және орыс тілдерінде дайындалады.

4.4 Бағалау баллдық жүйе арқылы жүзеге асырылады.

4.5 Облыстық Олимпиада екі турдан тұрады.

I тур – 25 сұрақтан тұратын тест тапсырмасын орындау. Тест тапсырмасында бір ғана дұрыс жауапты белгілеу қажет. Тест тапсырмасының жоғары ұпай саны – 25. Тапсырманы орындауға 50 минут, яғни, бір сұраққа екі минут уақыт бөлінеді.

II турға тестілеуге қатысқан барлық қатысушылар жіберіледі.

II тур – презентацияны қорғау.

Презентация тақырыптары:

1. Ұлы даланың тарихи келбеті.

2. Ұлт зиялыларының тарихи жолдары.

3. Өлкенің тарихи-мәдени мұрасы.

4. Қазақтардың қоғамдық-құқықтық құрылымының тарихы (XVғ.-XXғ басы).

Қатысушылар осы тақырыптар бойынша презентациялардың электронды нұсқасын (Power Point) **2023 жылдың 5 желтоқсанына дейін** ұйымдастырушылардың электрондық мекен-жайына vk_vkgu@inbox.ru жіберулері тиіс. Презентация көлемі - 15 беттен аспауы қажет. Презентация жұмыстарын қорғау **7 желтоқсан күні сағат 11.00-де** өтеді.

Презентацияға қойылатын талаптар:

- тақырыптың өзектілігі мен мазмұнының тереңдігі - 10 ұпай;

- презентацияның жаңашылдығы және дербестік деңгейі - 10 ұпай;

- презентацияның құрылымы мен әдіс-тәсілдерін дұрыс қолдануы - 10 ұпай;

- эстетикалық талапқа сай рәсімделуі - 10 ұпай.

Екінші тур үшін максималды ұпай саны – 40 ұпай.

4.6 Олимпиада аяқталған соң барлық жұмыстар шифрланады және құрылған комиссия мүшелерімен ұжымдық түрде тексеріледі, тексеріліп біткен соң қойылған ұпай сандары цифрланады.

Ұқыпсыз орындалған жұмыс үшін 1 ұпай алынады.

4.7 Олимпиада жүріп жатқан уақытта қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Ұйымдастыру комитетінің мүшелері бергеннен басқа, кез-келген материалдарды пайдалануға және әкелуге тыйым салынады;

- Олимпиада кезінде аудиториядан шығуға жол берілмейді;

- Өзінізбен бірге электронды құрылғылар мен байланыс құралдарын (ұялы телефон және т.б.) әкелуге және пайдалануға тыйым салынады.

4.8 Осы талаптарды бұзған жағдайда, Олимпиаданың қатысушысы аудиториядан шығарылады, ал оның жұмысына "0" деген баға қойылады.

4.9 Кешігіп келгендер және Олимпиадаға қатысу үшін тіркеуден өтпегендер Олимпиадаға қатысуға жіберілмейді.

V. ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ

5.1 Үздік нәтижені көрсеткен қатысушы жеңімпаз атанады және I-ші дәрежелі дипломға болады; II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады, Олимпиада жүлдегері атанады.

5.2 Әрбір қатысушы Олимпиадаға қатысқаны үшін сертификат алады.

5.3 Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау салтанатты түрде өткізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы колледждерінің білім алушылары арасында
«Қазақстан тарихы» пәнінен облыстық олимпиадаға қатысуға
ӨТІНІМ

| № | Қатысушының ТАӘ (жеке төлқұжаты бойынша) | Оқу орнының атауы, қай топта оқиды | Қатысушы жетекшісінің ТАӘ (жеке төлқұжаты бойынша байланыс телефоны) |
|---|---|---------------------------------------|---|
| | | | |

Оқу орнының директоры

М.О.

(А.Т.Ә)